ГАЗЕТ 1932 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

# NURA

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

18 қараша 2023 жыл

№ 45 (5849)

### Құрметті Нұра ауданының ауыл шаруашылық еңбеккерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күнімен құттықтаймыз!

Бұл мереке жерде еңбек ететін, мал шаруашылығымен айналысатын, азық-түлік өнеркәсібінде жұмыс жасайтын, еліміздің және өңіріміздің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге талмай үлес қосып жүрген жандардың басын қосады.

Халықтың әл-ауқаты мен өмір сапасының жақсы болуы ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуы деңгейімен тығыз байланысты. Бұл - ел экономикасының ең маңызды саласының бірі.

Осылайша, біздің ауданда ауыл шаруашылығы саласы жылдан-жылға өсімдік шаруашылығы саласында да, мал шаруашылығында да оң даму серпініне ие.

Сіздерге ауданымыздың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы табанды еңбектеріңізбен өз істеріңізге адалдықтарыңыз, туған жерге деген сүйіспеншіліктеріңіз үшін алғыс айтамыз.

Құрметті ауыл шаруашылық еңбеккерлері, барлығыңызға өмірлік маңызы бар еңбек үшін алғысымызды білдіреміз! Сіздерге қолайлы ауа райы, құнарлы топырақ, жоғары өнім және лайықты пайда тілейміз.

Осы мерейлі мереке күні сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, шаңырақтарыңызға бақ-береке, әр бастамаларыңызға сәттілік тілейміз!

Б.Мұқанов
Нұра ауданының әкімі
Қ.Жүнісбеков
Аудандық мәслихат төрағасы

### Уважаемые труженики сельского хозяйства Нуринского района!

Поздравляем вас с профессиональным праздником – Днем работников сельского хозяйства и перерабатывающей промышленности!

Этот праздник объединяет людей, которые трудятся на земле, занимаются животноводством, работают в пищевой промышленности, вносят неоценимый вклад в обеспечение продовольственной безопасности страны и региона.

Благополучие населения и хорошее качество жизни неразрывно связаны с уровнем развития сельскохозяйственного производства. Это одна из важнейших отраслей экономики страны.

Отрасль сельского хозяйства в нашем районе из года в год имеет положительную динамику развития как в растениеводстве, так и в животноводстве.

Благодарим вас за ваш упорный труд по обеспечению продовольственной безопасности, за вашу преданность своему делу, за вашу любовь к Родине.

Уважаемые труженики сельского хозяйства! Благодарим всех вас за жизненно важный труд! Желаем благоприятной погоды, плодородной почвы, высокого урожая и достойной прибыли, крепкого здоровья, неиссякаемой энергии, благополучия семьям и успехов во всех начинаниях!

Б. Муканов
аким Нуринского района
К. Жунусбеков
председатель
районного маслихата

*Сүйінші*

# Ел мерейін асырған

## нәрестелер Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола, Түркістан облыстарында дүниеге келді

**Халқымыздың саны 20 миллионға жетті! Баршаңызды ақжолтай жаңалықпен құттықтаймын! Бақытты отбасы – бақуатты елдің негізі. Мемлекет отбасы құндылықтарын нығайтуға, ана мен баланы қорғауға баса мән береді.**

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ




Тәуелсіздік алғаннан кейінгі тұңғыш халық санағы 1999 жылы өткені белгілі. Сынақ нәтижесінде ел халқының саны азайғанымен, қазақтың үлесі ғасырға жуық уақыттан кейін тұңғыш рет 50 пайыздан асқанына бір қуандық. Келесі 2009 жылғы санақта Қазақ елінің тұрғындары 16 миллион адамнан асып жығылып, тәуелсіздік алған тұстағы деңгейге жеттік деп тағы да қуанышымыз қойнымызға сыймады. Енді, міне, кезекті тарихи сәт келіп жетті: біз 20 миллион болдық!

*жалғасы 8-бетте*

*19 қараша – Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күні*

# Қазақтың құты - ауылда

Реформа – өміршең өзгерістер



**Бүгінде ауданның ауыл шаруашылығы саласы мемлекеттік қолдаудың арқасында жаңа деңгейге көтеріліп, өңір экономикасын дамытуда және ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруда жетекші күшке айналып отыр. Орны бөлек шаруашылықтың ауданымыздағы хал-ахуалын білу мақсатында Нұра ауданы ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы Мамбетов Ербол Шубайұлымен сұхбаттасудың сәті түсті.**

**-Ербол Шубайұлы, ауыл шаруашылығы саласының негізгі бағыттары егіншілік және мал шаруашылығы болып табылады. Осы орайда ағымдағы жылдың егістік алқабына тоқталсаңыз?**

-Ауыл шаруашылығының егіс алқабы 313,4 мың га құрады, оның ішінде егіс алаңы - 296,5 мың га немесе өткен жылмен салыстырғанда 7,5 мың га артты.

Бидай - 256,7 мың га, арпа - 33,5 мың га, сұлы- 4,2 мың га, басқа дәнді дақылдар – 2,1 мың га. Майлы дақылдар - 2,8 мың га, картоп 989 га алқапқа отырғызылды. Егін себу науқанына 32 400 тонна және дәнді дақылдардың сұрыптарын жаңарту мақсатында 1 182,7 тонна жоғары репродукциялы астық дақылдарының тұқымдары қолданылды.

**-Өнімнің жетік болуы тыңайтқышына байланысты екені белгілі. Осы бағытта не айтар едіңіз?**

- Биылғы жылы он бес шаруашылық, яғни 126,2 мың га алаңда минералдық тыңайтқыштар енгізді, бұл өткен жылы енгізілген тыңайтқыштар алаңынан 8,2 мың га артық және егіс алаңының 42,5% құрады.

**-Жаңа техникамен қамтылуы туралы не айтқан болар едіңіз?**

- Осы жылы 34 жаңа ауыл шаруашылығы тракторы, 5 егіс кешені, 7 жаңбырлатқыш машина, 3 комбайн және 79 құрал-жабдықтары сатылынып алынды. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 4 164,5 млн. теңгені құрады.

**-Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау, мақсатты несие, субсидия бөлу қарқынды қалыптасқаны еш жасырын емес. Олар кімдерге, қандай жағдайда беріледі?**

-Ауданымыздың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне көктемгі және күзгі дала жұмыстарын жүргізуге мемлекеттік қолдау ретінде «Аграрлық Несие Корпорациясы», «Нұра Астық» Несие серіктестігі, «Сарыбел» Несие серіктестігі «ҚазАгроқаржы» Акционерлік қоғамы 39 шаруашылықты несиелендірді. Үкімет тарапынан зор қолдау тауып отырған бағдарлама - "Лизинг" бағдарламасы. Бұл лизинг берушінің (жалға берушінің) өзіне тиесілі құрал-жабдықтарды, машиналарды, ЭЕМ, ұйымдастыру техникаларды, өндіріске, сауда-саттыққа және қоймаға арналған құрылғыларды лизинг алушыға (жалгерге) лизингтік төлем төлеу шартымен, белгіленген мерзімге пайдалануға беруін қарастыратын жалға беру шарты.

*жалғасы 6-бетте*

*Нұра-Ақпарат*

# Қаржыгерлер құрметке бөленді



Нұра ауданының әкімі Бақытжан Мұқанов пен Нұра ауданы мәслихатының төрағасы Қуаныш Жүнісбеков Қазақстанның Ұлттық валютасы күні және еліміздегі қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай Нұра ауданының қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысып жүрген аталмыш сала қызметкерлерін мерекелерімен құттықтап, марапаттады.

Қаржы саласының қызметкерлері ауданның, сонымен қатар мемлекетіміздің әлемдік экономикаға ойдағыдай кіруі, халықаралық мәндегі серпінді жобаларды жүзеге асыру, инфляцияны тежеу және қаржылық нарықтың тұрақтылығын сақтау, экономикалық өсімді ынталандыру сынды міндеттерді табысты шешумен айналысып келеді.

Бүгінде мемлекет алдындағы экономикалық міндеттерді жүзеге асыруда қаржы секторының алар орны ерекше. Сондықтан болар, еліміздің экономикалық қуатын еселеп, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын арттыру қаржы саласындағы жемісті еңбекпен тікелей байланысты.

Бүгінгі таңдағы ауданның жеткен жетістіктеріне қаржы саласы қызметкерлерінің қосқан үлесі зор. Сіздердің еселі еңбектеріңіз бен білім, біліктіліктеріңіздің арқасында біздің өңіріміздің экономикасы қарқынды дамып келе жатқан аудандардың қатарынан көрінуде.
Алдағы уақытта да осынау биік межеден көріне беретіндіктеріңізге сенімдімін. Сондай-ақ, жұмыстарыңыздың келешекте де Қазақстан экономикасының қаржы әлеуетін дамытуға және күшейтуге бағытталуына тілектеспін, - деп құттықтау сөзінде аудан әкімі қаржы саласы қызметкерлерінің еңбегін бағалап өтті.

Салтанатты кездесу барысында Нұра ауданының қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны және әлеуметтік – экономикалық дамуына қосқан үлесі мен мінсіз еңбегі үшін Нұра ауданы әкімдігінің "Құрмет" грамотасымен Нұра ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының ардагерлері Искакова Самиға, Нурсейтова Даметкен, аталмыш мекеменің бас маманы Досполова Гүлбағдан, Нұра ауданы әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Усембекова Сара, аудандық экономика және қаржы бөлімінің әдіскері Алшымбаева Батима, аудандық қазынашылық басқармасының бас маманы Ә.Өміртай, Нұра ауданы «Халық банк» филиалының аға менеджері Мұқаш Саян, аталмыш филиалдың бақылаушы-кассирі Зауре Айтпакаева марапатталды.

Қарағанды облысы экономика басқармасы басшысының Алғыс хатымен экономика және қаржы бөлімінің басшысы Мақпал Мұхамеджанова, аталмыш бөлімнің бас маманы Алтыншаш Тұрарова, Қарағанды облысының қаржы басқармасы басшысының Алғыс хатымен экономика және қаржы бөлімінің бас мамандары Байкенова Сандуғаш, осы бөлімнің бас мамандары Жакупбекова Панар, Қаирбекова Айымгүл және аталмыш бөлімнің бюджетті атқару секторының меңгерушісі Шестюк Елена марапатталады.

Қарағанды облысы Мемлекеттік сатып алу басқармасы басшысының Алғыс хатымен экономика және қаржы бөлімінің Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік секторының меңгерушісі Байгеншеков Мухаметжан марапатталды.

**Олжас Бексұлтанов**

Реформа – өміршең өзгерістер

# ЖЫЛУ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БАСТАЛУЫ



Нұра ауданы білім бөлімінің 2023 жылғы 29 қыркүйектегі «Жылыту маусымының басталуы туралы» № 430 бұйрығының негізінде барлық білім беру ұйымдарында жылыту маусымы уақытында басталды. Мектептерді көмірмен қамтамасыз ету – басты мәселенің бірі. Нұра ауданы бойынша 36 білім беру ұйымдары жұмыс жасайды, оның ішінде 32 жалпы білім беретін мектеп, 3 балабақша, 1 өнер мектебі бар. 2023-24 жылдарға арналған көмір импорты: Көмір жеткізуші «Дикан» ЖШС, жалпы сомасы 121,003 млн.теңгеге КР-300 және ДР 300 маркалы көмір жеткізіліп, мектептер толық қамтамасыз етілді.

Өңірдегі 29 мектепте - АСО, 1- орталықтандырылған, 5 - пешпен, 1 - сұйық жанар маймен жылытады. Барлық жылыту қазандықтары мен жүйелері қанағаттанарлық жағдайда. Көмір мен күлді сақтауға және сақтауға қажетті жағдайлары жасалды.

Оған қосымша, жылумен жабдықтау желілеріне күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, үш мектепте қазандықтар ауыстырылып, жаңа заман талабына сай модульдік қазандықтар орнатылды. Олар: Балықтыкөл негізгі орта мектебінде жалпы қуаты 300 кВт, А.Асылбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінде жалпы қуаты 700 кВт, С.Талжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінде жалпы қуаты 700 кВт жылыту қазандықтары бар БМК (блокты-модульдік қазандық) орнатылды, модульді заманауи қазандықтар арнайы мамандармен іске қосылып тексеріліп қабылданды (Мердігерлер: «Автодорснаб» ЖШС Ақмола облысы, ЖШС "NUR LIFE" Павлодар қаласы, ЖСШ «СтандартСтрой» Қараганды қаласы). Бүгінгі күні барлық жұмыстар аяқталып, қазандықтар іске қосылды.

**Есмағанбетов Арарат Мылтықбайұлы**
**Нұра ауданының білім бөлімінің басшысы**

*Өзекті*

# Жаңа жылдан соң елімізде зейнетақы мөлшері қалай өседі?

Реформа – өміршең өзгерістер

**2024 жылы зейнетақының қай түрлері қанша теңгеге артады? Бұл сауалға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жауап берді.**



Анықталған дерекке қарағанда, зейнетақы алушының жасына және еңбек сіңірген жылдарына байланысты жыл сайын республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мөлшерде көтеріледі.

"Әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес, 2024 жылға арналған инфляция деңгейі 6-8 пайыз дәлізде көзделетінін ескере отырып, "2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" заң жобасында жасына және еңбек сіңірген жылдарына байланысты зейнетақы төлемдеріне бағытталған қаражат олардың мөлшерінің 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 9 пайызға өсуін ескере отырып көзделеді", - деп жазды министрлік.

Ал мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 7 пайызға өседі.

"Бұдан басқа, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері 60 пайыздан 65 пайызға дейін, ал ең жоғары мөлшері – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 100 пайызынан 105 пайызға дейін артады", - деген ведомство.

Сондай-ақ, бюджет туралы заң жобасында 2024 жылы ең төменгі зейнетақы 57 853 теңге, ал базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 28 215 теңге болады деп көзделгені айтылған.

2024 жылы жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің ең жоғары мөлшері 152 295 теңгеге жетеді. Бұған қосымша мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі ұсынылады, оның ең жоғарғы мөлшері 2024 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 105 пайызына тең, яғни 45 578 теңге болады. Зейнетақы төлемдерінің жалпы сомасы - 197 873 теңге.

**egemen.kz**

*День открытых дверей*

# Познаем мир с книгой

**9 ноября 2023 года в районной детской библиотеке п.Нура прошел День открытых дверей, где радушно встречали гостей и читателей библиотеки. Каждый, кто посетил библиотеку, среди которых были и дети с ограниченными возможностями, получил хорошее настроение, узнал много нового и интересного.**

Юным посетителям была представлена книжная выставка «Книги, помогающие жить». Проведен библиотерапевтический обзор «Познаем мир с книгой», где с большим интересом ребята слушали и знакомились с необычными современными книгами: книжки-мультфильм, книжки-панорамы, говорящие книжки, книжки с «волшебной лупой», 3D и 4D книги с дополненной реальностью.



Ребята прослушали из аудиосборника «Час сказок и историй» аудиосказку «Түлкі мен Салақбай», прочитанную А.Жумамуратовым, артистом Карагандинского областного академического казахского драмтеатра им.Сакена Сейфуллина, и аудиорассказ С.Махотина «Вирус ворчания», озвученный Шветковым Д., актером русского драматического театра им. К.С.Станиславского. Слушателям было предложено, чтобы родители подписались в Телеграмм мессенджере на канал Audio books, где можно прослушать аудиосказки и книги для детей. По запросу подписчиков канала детская библиотека наполняет его аудиокнигами для детей и подростков.

Фишкой этого дня было арттерапевтическое занятие, на котором дети все вместе оживленно создавали аппликацию «Дерево добрых слов», после чего на листочках написали и прикрепили на дерево «волшебные слова».

Дети активно участвовали в развлекательной программе «Сказочная карусель», сразились в «Lego-батле», где участники фантазировали и с помощью магнитного конструктора строили фигуры.

Все гости дня были отмечены сладкими призами.

От читателей и посетителей библиотеки сотрудники услышали в этот день много благодарных слов.

**Л.Кумпан**
**заведующая районной детской библиотекой**

# ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ

**Реформа – өміршең өзгерістер**



Мектеп - ел ертеңін біліммен қаруландыратын, тәрбие беретін алтын бесік. Адамзаттың барлық жақсы қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіруде, олардың қоғамдық көзқарастарын дұрыс қалыптастыруда мектеп негізгі міндет атқарады. Өйткені, білім ұясы шәкірттердің жан-жақты дамыған жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал жасайды. “Ел болам десең, бесігіңді түзе”,- деген Мұхтар Әуезовтің ұлағатты сөзін ескерсек, Құланөтпес ауылының қақ төрінде орналасқан білім ұясының қаланғанына ағымдағы жылы 64 жыл толды. Ж.Аймауытұлы атындағы негізгі орта мектебінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік маңызы бар нысанды жөндеуге мемлекеттен ауқымды көлемде қаражат (113,8 млн.) теңге бөлінген. Ол ақшаға мектептің жылыту жүйесін жаңартып, кәрізі мен шатырын, есік-терезелерін алмастырған, гофрленген қаңылтырларды ауыстыру, әрлеу жұмыстары, витражды орнату, электр монтаждау жұмыстары, жуынатын бөлмелерді жөндеу, сумен жабдықтау, канализация, өрт дабылы орнатылды. Құрылыс-монтаждау жұмыстары келісім-шарт бойынша толық аяқталып , жаңа 2023-2024 жаңа оқу жылына қыркүйек айына дайын болып уақытында қолданысқа берілді.





Балалардың сапалы білім алуы үшін мектебіміз жаңа оқу жылында ажарланып, жарқыраған, кең де жайлы мектеп қабырғасына келген оқушылар жаңа оқу жылында жақсы көңіл күймен келді. Оқу ордамыздың жаңаруы оқу процесіне оң әсерін береді деген ойдамыз.

Білім ордасының жаңаруы мектеп оқушыларын ғана емес, ұстаздар мен ата-аналарымыз және ауыл тұрғындарын да қуантты.

**Есмағанбетов Арарат Мылтықбайұлы**
**Нұра ауданының білім бөлімінің басшысы**

*Еңбек адамы*

Реформа – өміршең өзгерістер

> Әр қазақтың ауылы - алтын бесігі,
> Перзенті үшін айқара ашық есігі.
> Ауыл үшін еңбек еткен жандардың
> Жүректерде сақталады есімі.
> Ауыл сенің тіршілігің, тірегің,
> Ауыл десе, елжірейді жүрегім.
> Қай қиырға кетсем дағы, туған жер,
> Сені әр кез есте сақтап жүремін

# Еңбегімен еңселі жандар

Франческо Петрарка: «Нағыз асыл адам дүниеге келмейді, ол ұлы істері арқылы қалыптасады», - деген екен. Ертеде айтылған есті сөздер әлі күнге маңыздылығын жойған жоқ. Жоймайды да. Бұл ретте Қанат Жариясұлының өмір жолы жоғарыда айтылған дана сөзімен үндесіп жатқандай көрінеді.



Отарбаев Қанат Жариясұлы

Отарбаев Қанат Жариясұлы 1958 жылы қазан айының 25 жұлдызында Қарағанды облысы Нұра ауданының Кеңжарық ауылында дүниеге келген. 1975 жылы Жараспай орта мектебін тәмамдаған соң, еңбек жолын Нұра кеңшарының шопаны болып бастаған

Наградалары: «Құрмет» ордені (2010), «Ерен еңбегі үшін» (2003) медалі, Республикалық «Парыз 2010» конкурсының алтын жүлдегері.

2013 жылы жүргізген Халықаралық ұлттық бизнес рейтингінің тәуелсіз сараптамасының нәтижесінде «Сала көшбасшысы» атағының иегері болды. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім меценаты-2008» атағының иегері.

Қарағанды облысы Нұра аудандық маслихатының үш шақырылымының депутаты болып сайланған.

Қанат Жариясұлы ауылдың әлеуметтік - тұрмыстық саласын көтеруге, құрылыс жұмыстарының қарқынды жүруіне де өз үлесін қосты. Осы орайда заман талабына тойхана, наубайхана және қымызхана, мешіт салынып, ауыл көркін ажарландырды. Еңбек жолын шопандықтан бастаған Отарбаев Қанат Жариясұлы - өзінің ақ адал еңбегімен, маңдай терімен, қажырлы ісімен танылып жүрген азамат. Еңбек өтілі - 44 жыл. Бүгінгі таңда сүйікті жары Нәсіп апай екеуі 5 бала тәрбиелеп, 19 немере сүйіп отыр.

Отарбаев Қанат Жариясұлының ғибратқа толы ғұмыры - көпшілікке үлгі-өнеге.

---

Егемен еліміздің ертеңгі тұтқасын ұстайтын білімді де саналы жас ұрпақ тәрбиелеуде ұстаздың еңбегі орасан зор. Шәкірттердің санасына сәуле ұялатып, білім нәрімен сусындататын мұғалімдер – мектептің тірегі мен жүрегі. Бүгінгі мақаламыздың кейіпкері, ұстаздар көшінің шоқтығын биік еткен тұлғаның бірі - Кыдырғанбеков Есет Ергенұлы.



Кыдырғанбеков Есет Ергенұлы

Өз білімі мен біліктілігін ұстаздық жолға арнаған Есет Ергенұлы 1963 жылы мамырдың 4 жұлдызында осы Нұра кеңшарында дүниеге келген. 1970 жылы осы кеңшардың бірінші сыныбына қабылданады. Осы 8 жылдық мектепті тәмамдап, Саран қаласындағы педагогикалық училищесінің «сызу және еңбек» бөліміне оқуға түседі. Аталған оқу мекемесін 1982 жылы аяқтап, Нұра орта мектебіне сызу пәнінің мұғалімі болып қызметке орналасады. 1983 жылы Кеңес әскерінің қатарына шақырылады. Әскери міндетін өтеп болып, 1985 туған ауылына қайтып оралады. 1985-1988 жылдары мектеп жанындағы интернат меңгерушісінің қызметін атқарады. 1988 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түсіп, 1994 жылы тәмамдап шығады. 1988-1996 жылдарда тарих пәнінен сабақ береді. 1996 жылдың 26 наурызында Нұра орта мектебіне директор болып тағайындалады.1996 жылдан бастап мектепке басшылық қызметін 2021жылға дейін атқарады.

Еңбек өтілі - 41 жыл. Барлығы педагогикалық, оның ішінде басшылықта қызмет атқарғаны - 25,5 жыл. Осы жылдар аралығында бірнеше мәрте грамота, алғыс хаттар, медальдармен марапатталған. Білікті басшы ұстазымыз бүгінде бейнетінің зейнетін көруге сәл қалды. Есет ағай - ақылшы әке, ардақты ата, ұлағатты ұстаз. Өмірлік тәжірибесі, тәлім- тағылымы көпке үлгі боларлық басшы, ұрпақтар жүрегінде қадыратын ізі мәңгілік деп санаймын. Жұбайы Қыдырғанбекова Сандуғаш Абдрахманқызы екеуі 2 бала өсіріп, 6 немере сүйіп отыр.

---

Дана халқымызда: «Ер еңбегімен озады, Еріншек езілумен тозады», - деген мақал бар. Өз өміріне адал еңбекті, қара жұмысты серік еткен қаншама ақ жүректі тұлғалар жүр арамызда. Бірін білсек, бірін біле бермейміз. Өзінің ұрпағын маңдай тері арқылы адал аспен асырап, саналы тәрбие беріп жүрген жанның бірі – Ильясов Кабидулла Альмуханбетович.



Ильясов Кабидулла Альмуханбетович

Кабидулла ағай 1959 жылы 10 қазанда Урожайный ауылында дүниеге келді. Бес баланың бірі. Еңбек жолын 18 жасынан бастап бүгінгі күнге дейін еңбек етуде. Еңбек өтілі - 46 жыл.

1977 жылы №2 бөлімшеде шопаншы болып қызметін бастаған. 1978-1980 жылдары әскери борышын өтеп келіп, қайта еңбегін жалғастырған. Осы жыл аралықтарында шопаншы, жылқышы, қызметтерін абыроймен атқарып келді, бүгінгі күні механизатор қызметін үлкен жауапкершілікпен атқарып жүр. Қазіргі таңда зейнеткерлікке шықса да, еңбектен қол үзген емес. Біздің мамандықты бүгінгі жастар ұната бермейді. Десе де біз жастық шағымызда саяси ықпалдың әсерімен осы саланы игердік. Мен атақ-даңқ үшін емес, отбасымның алдындағы жауапкершілігім үшін адал еңбек етіп келемін. Отбасында жары екеуі төрт перзент өсіріп, қазір жеті немере сүйіп отырған ұлағатты әке, ардақты ата. Ауыл арасында сөзі өтімді, қолынан келсе көмегін аямайтын жанашыр жан. Алпысты алқымдағанына қарамастан, қимылы ширақ, жүзі жылы. Осы еңбек жылдары бірнеше мәрте алғыс хат пен грамоталарымен марапатталған. Қазақстан Республикасының және оның астанасының дамуы мен қалыптасуына елеулі үлес қосқаны үшін «10 жыл Астана» медалімен наградталған.

---

Адам баласы жер бетіне пайда болғаннан бастап аурудан алыс болмаған.Науқастанған адамның ем алуы үшін дәрігерге жүгінуі жылдар бойы бұзылмай келе жатқан құбылыс. Адамдардың сырқаттануы мен дәрігерлерге деген мұқтаждығының тарихи тәркіні тереңде. Тіпті пайғамбар (с.ғ.с) Мұхаммедтің өзі аурудың алдын алуға аса мән беріп қана қоймай, амалын көрсетіп, дәрігерлерге ерекше құрмет көрсеткен. Иә, жер бетінде дәрігерлік мамандықтан абыройлы, құрметті мамандық жоқ-ау. Бірақ оның құрметінің салмағы қаншалықты ауыр болса, жауапкершілік жүгі де соншалықты ауыр. Сондықтан кез келген адам ақ халат киіп, ант қабылдап, адам жанын ажалдан арашалай алмайды. Дәрігер болу үшін науқасқа ем беріп қана қоймай, оның жанын түсінетін, жылы сөзімен дем беретін маман иесі болуың керек. Сондай жанның бірі - Изенді ауылының фельдшер-акушерлік пунктінің меңгерушісі Құдайбергенова Риза Сакенқызы. 1958 жылы Жараспай ауылында дүниеге келген. Риза Сакеновнаның бұл салада қырық төрт жылдан астам өтілі бар.



Кудайбергенова Риза Сакенқызы

Отбасында жұбайы екеуі 3 бала тәрбиелеп, 8 немере сүйіп отырған ақ жаулықты ана, ардақты әже.

Еңбек жолын 1979 жылдары Изенді ауылының амбулаторлық пунктінің фельдшерлік мамандығынан бастап, акушерлік мамандығына ауысып қызметін атқарған. Осы жылдар ішінде мыңнан астам баланың кіндік шешесі атанды. Бірнеше мәрте алғыс хат, грамоталармен марапатталған.

---

**Мейірімділік шуағын төккен жан.**

Дүниедегі мамандық атаулының төресі - ұстаздық.

«Мұғалім мамандығы - барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдында тәрбиеленбейтін адам жоқ.

Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өрендерін тәрбиелеп шығу оңай емес. Жүрегі жылы, мейірманды, ел баласына өз баласынан артық жаны ашитын аяулы ұстаздарымыздың бірі - Нұра ЖББ мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Тулеуова Бағаш Байдалықызы.

Бағаш Байдалықызы - барлық өмірін шәкірт тәрбиелеуге жұмсаған аяулы ұстаз.

Нұра ЖББ мектебінде 1984 жылдан бастап қызмет атқаруда.

Бағаш апайдың алдынан шыққан шәкірттері бүгінгі күні еліміздің түкпір-түкпірінде әр түрлі қызметте еңбек етуде.

Жүрегі мейірімге толы Бағаш Байдалықызы - әр шәкірттің жүрегіне жол таба білген сабырлы да салмақты, жауапкершілігі жоғары, білімді де білгір ұстаз.

Бағаш Байдалықызы жастайынан мұғалімдер отбасында тәрбиеленіп өсті.

Әкесі Байдалы Боқайұлы барлық саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған, 40 жыл мектепте тарихшы болып қызмет еткен ұстаз болса, ағасы Бақытжан Байдалыұлы да аталған мектептен зейнеткерлікке шыққан дене шынықтыру пәнінен мұғалім болған. Мектепті жақсы аяқтаған Бағаш апай да бірден әкесі мен ағасының ізін басып, жауапкершілігі мол ұстаздық жолды таңдады. Осы арманды қанат қылып байлаған ол 1981 жылы Саран педагогикалық училищесіне түсіп, 1984 жылы тәмамдады. Қолына диплом алған соң мұғалімдік еңбек жолын өзінің туған жері Изенді ауылында бастауыш сынып мұғалімі болып бастады. 1999 жылы Қарағанды «Болашақ» университетін бітірді. Педагогикалық өтілі - 40 жыл. Осы еңбек жылдарында бірнеше рет грамоталармен, алғыс хаттармен марапатталған.



Кудайбергенова Риза Сакенқызы

Бүгінгі күні Бағаш Байдалықызы - тәжірибелі ұстаз, аяулы ана, ардақты әже.

Өмірлік жары Қанат Шаймерденұлы екеуі 3 бала тәрбиелеп өсірді, 4 немересі бар.

**А.Е.Бердешева**
**Изенді үлгілі ауылының кітапханашысы**

*Дін және қоғам*

# Толеранттылықтың қазақстандық үлгісі

Ғасырлар бойы қазіргі Қазақстан аумағында түрлі тайпалар мен халықтар өмір сүрді, олар, әрине, қазақ мәдениетінде маңызды із қалдырды. Өйткені, ежелгі заманнан бері қазақ даласы «Азияның кілті мен қақпасы» болып саналады.



Қазақстан әлемнің екі бөлігін: Еуропа мен Азияны байланыстыратыны белгілі, ал бұл соғыстар кезінде отырықшыланып, Қазақстан аумағында паналаған этностардың алуан түрлілігін білдіреді. Біреулер шаруашылық жүргізсе, біреулер қолөнерді үйренді, басқалары қазақтармен бірге соғысып, осы жерлерді қорғап қалған.

Қазіргі жағдайда әлемнің кез келген бөлігінде біз әртүрлі сипаттағы, бірақ мәні бойынша біртұтас әлеуметтік қақтығыстарды байқаймыз, бұл қоғамдағы толерантты қатынастардың болмауының салдары. Бұл жерде, сірә, Қазақстан толеранттылықтың, яғни өшпенділік, алауыздық және кез келген зорлық-зомбылық түрлерін көрсетпейтін түрлі қоғамдық топтардың өзара түсіністігінің болуымен сипатталатын қоғамдағы өзара қарым-қатынастардың үлгісі болып келеді.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылы ішінде зайырлылық қағидаты егемен мемлекеттің жұмыс істеуінің іргелі негізіне және оның негізгі құндылықтарының біріне айналды. Атап айтқанда, аталған қағидат мемлекеттік қызмет, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, отбасы және неке институты саласындағы әлеуметтік қатынастарды реттейді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің дін саласындағы саясат конфессияаралық келісім мен толеранттылықты нығайтуға бағытталғанын нақты атап өтті. Елдегі ар-ождан бостандығына Конституция кепілдік береді. Өз кезегінде, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел жастарына арнаған сөзінде Алланың құдіретіне деген терең сенім біздің азаматтарымыздың, әсіресе жастардың рухани өзін-өзі жетілдіруіне ықпал етуі керек екенін айтты.

Бүгінгі таңда әлем елдерінің басым көпшілігі мемлекеттік құрылымның зайырлы принципін ұстанады. Бұл көпконфессиялы ортада үйлесімді қоғам құруға байланысты XXI ғасырдың үрдістеріне сәйкес келеді.

Осыдан біраз уақыт бұрын саясат пен дінді бөлу идеясын көрнекті ойшылдар мен теологтар, соның ішінде мұсылман әлемінде алға тартты. Сонымен, X ғасырда Орта Азия үшін дәстүрлі сенім негізін қалаушы Имам Әбу Мансур әл-Матуриди дінді ұстану мәжбүрлеу емес, адамның бостандығына байланысты деп жазды.

Сонымен қатар, зайырлылық пен діндарлық бір-біріне қайшы келмейді, өйткені біріншісі мемлекетті басқару формасын білдіреді, екіншісі рухани қажеттіліктерді реттейді. Мұндай бөлу, егер ол жойылмаса, онда кез келген жағдайда бір идеологияның екіншісіне қарсы тұруымен байланысты тәуекелдерді азайтады. Ең алдымен, бұл кез келген мемлекеттің басты басымдығы болып табылатын ұлттық қауіпсіздік саласына қатысты. Конфессияаралық үнқатысудың бірегей «рухани алаңы» – әлемдік діндер өкілдерінің форумын ұйымдастыру – Мемлекет басшысының осы салада халықаралық мойындауға лайық бастамасы. Әлемнің бірде-бір елінде мұндай идея Қазақстандағы сияқты нақты іске асырылған жоқ. «Көшпелі еркін ойлау» дәстүрі және бөтенді «өзі» ретінде қабылдау қабілеті қазақ халқының ментальді сипаттамасы, сонымен бірге әлемдік рухани тәжірибені еркін мұқият қабылдау үшін жағдай жасайды. Бұл біздің көз алдымызда болып жатқан Хантингтонның «өркениеттер қақтығысы» жағдайында таңқаларлық, мұнда идеологиялық «олқылықтар» сызықтары әртүрлі әлемдік конфессиялардың түйіскен жерінде жатыр.

Өркениеттер тоғысында, әлемдік діндер қарым-қатынастарының ең биігінде тұрған Қазақстан осы саладағы барлық үдерістерді бастан кешуде. Дегенмен, біздің мемлекетіміздің басшысы және бұл жағдай оны әртүрлі діни конфессиялар өкілдерінің шынымен мүмкін болатын диалогы мен бейбіт өзара іс-қимылының мекені ретінде анықтай отырып, өз елі халқының нақты жетістігіне айналдырады.

Конфессиялардың бейбіт диалогын орнатудағы біздің тәжірибеміз діни экстремизм нысанында көрініс табатын конфессияаралық өзара іс-қимыл саласындағы сілкіністерді бастан кешіретін қазіргі заманғы әлемдік қоғамдастық үшін мүлдем баға жетпес жетістік. Мемлекеттің әртүрлі діни бірлестіктердің конфессияішілік қызметіне араласпай, оларды оң диалог пен өзара түсіністікке бағыттау қабілеті сөзсіз назар аударуға және халықаралық тануға лайық.

Осылайша, Қазақстанның өзінде ғана емес, бүкіл өңірде толерантты рухани дамуға, бейбітшілік пен тұрақтылыққа жағдай жасалады. Қазақстанның өткір әлеуметтік, этносаралық және конфессияаралық қақтығыстардың алдын алудағы тәжірибесін ескере отырып, 2010 жылы Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық етуі туралы шешім қабылданғаны тегін емес.

Біздің еліміздің осы лауазымдағы қызметі – Қазақстанның беделін мойындаудың құрметті айғағы ғана емес, сонымен бірге бүкіл Еуразия құрлығы шеңберінде толерантты әлеуметтік дамудың қазақстандық моделін кеңінен тарату жөніндегі елеулі миссиясы.

**Kazislam.kz**

*Мемлекеттік қызмет*

**Реформа – өміршең өзгерістер**

# Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың сақталуына мониторинг жүргізу

Бүгінгі таңда Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидасының (2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығымен бекітілген) талаптарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау бағытында бірқатар жұмыстарды жүзеге асырады.

Жүргізілген бақылау жұмыстарының нәтижелері бойынша мемлекеттік органдарға заңнама талаптарын қатаң сақтау, бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, сондай-ақ кінәлі тұлғаларды көзделген жауаптылыққа тарту жөнінде ұсынымдар жіберіледі.

Бұдан басқа, көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша жұмыстар ұйымдастырылуда.

Бұл ретте, заңнамада көрсетілген бақылау тетіктері тұтастай алғанда осы саладағы проблемалық мәселелерді анықтауға және оларды болдырмау бойынша шаралар кешенін қабылдауға мүмкіндік беретінін атап өткім келеді.



Құрметті қызмет алушылар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі 2023 жылы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасымен қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында «Ашық диалог» алаңында онлайн нысанда сауалнама жүргізіп жатыр.

Сауалнамаға https://m.egov.kz/survey/ сілтемесі арқылы өтіп, белсенді түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

Бұдан бөлек, ақпараттық жүйелердегі іркілістерге және халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде өзге де проблемалық мәселелер бойынша шұғыл әрекет ету, оларды ұсыну сапасына мониторинг жүргізу, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылардың қанағаттану деңгейін арттыру, халықпен кері байланыс орнату және қызмет алушылардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзуға жол бермеу мақсатында «Telegram» қосымшасында «ONAY_QYZMET_QRG» арнасы құрылды.

Арнаға келесі сілтеме https://t.me/Onay_Qyzmet_Qrg немесе QR-код арқылы тіркелуге болады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет алу барысында әкімшілік кедергілер (мерзімін бұзу, артық құжаттар талап ету, төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол беру және т.б.) кездескен жағдайда Департаментке келесі мекенжай бойынша жүгінуге болады: Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39. Байланыс нөмерлері: 8 (7212) 50-40-66, 8 (7212) 50-33-83 кеңсе нөмірі.

**С. Амангельдинова**
**Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы**

*19 қараша – Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күні*

# Қазақтың құты - ауылда




*жалғасы, басы 1-бетте*

Казагрофинанстан техника алып, келісім бойынша пайыздық шартқа отыру арқылы шаруашылықтар өз шаруашылықтарын ілгерілетіп алуға мүмкіндіктері бар. Биылғы жылы өңдеу саласына қатысты жобалар, өсімдік шаруашылығын дамыту, ауыл шаруашылығы кооперативтерін жабдықтау, мал шаруашылығын дамыту, басқа бағыттағы бизнес жобаларды қолдау мақсатында «Ауыл аманаты» жобасы қосылды. Негізі туған жерімде еңбек етіп, дамимын деп ниеттенген азаматтарға әуелгі кезектегі қолдау жеткілікті.

**-Егістіктегі егу уақытында көктемде жауын-шашын болмағанымен, күзде бас көтертпейтін жауын-шашын еңсемізді түсірді. Шаруашылықтар биылғы астық жинау науқанында өз шығынын өтей алды ма?**

-Иә, күздегі жаңбырлы маусым әр шаруашылықты қажытқаны рас. Астық дақылдарының 276 мың га егіс алқабынан 165,6 мың тонна астық жиналды. Орташа өнімділігі 6,0 ц/га құрады. Картоптың 989 гектарынан 30 659 тонна жиналды. Орташа түсімі – 310 ц/га. Майлы дақылдардың 2,8 мың гектары жиналды, орташа түсімі - 2,0 ц/га. Бұл дегеніміз ортадан төмен көрсеткіш.

**-Мал шаруашылығы жайындағы ойыңызды білсек?**

- Аудан бойынша 51,7 мың бас ірі қара мал, оның ішінде 2,6 мың бас асыл тұқымды (Әулиекөл – 1 500 бас, Ақ бас – 725 бас, Гереформ – 354 бас), 98,5 мың бас ұсақ мүйізді мал және 58,5 мың бас ауыл шаруашылығы жануарлары тіркелген. Былтырғы жылмен салыстырғанда орташа есеппен 105% өсім байқалады. Қаржылай да қолдау бар. Аудан бойынша жалпы «Сарыарқа ӘКК» АҚ-на барлығы 754,5 млн. теңге сомасына 88 өтінім тапсырылды. "Ауыл Аманаты" жобасы импортты қысқартуға, ішкі нарықты өз өндірісінің тауарларымен толтыруға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және бағаны тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Жобаның негізгі мақсаты - ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жан-жақты қолдау, ауыл тұрғындарын аграрлық бизнеске барынша тарту және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту болып табылады. Жеке қосалқы шаруашылық иелеріне қолдау көрсету арқылы ауыл шаруашылығын жандандыру көзделіп отыр. Мүмкіндіктерді дұрыс пайдалана білсек, қазақтың құты - ауылда.

**- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйек күні жасаған кезекті Жолдауында ауыл шаруашылығындағы тұралап тұрған мәселелерге тоқталып, дамыту жолдарын ұсынғаны мәлім. Алдағы уақытта ауданымыздың ауыл шаруашылық экономикасы мұнан да арта түсетініне тілектеспіз. Әңгімеңізге рақмет!**

**Нұрыш Нақыпова**

*Ребенок и семья*

# Патронатное воспитание



Усыновление, опекунство и патронат - виды отношений, требующих особенной ответственности и серьезного подхода. Принимая решение о патронатном воспитании ребенка, необходимо быть готовым не только морально и материально, но и юридически.

Патронат – форма воспитания, при которой дети, оставшиеся без попечения родителей, передаются на воспитание в семьи граждан по договору, заключаемому органом, осуществляющим функции по опеке или попечительству, и лицом, выразившим желание взять ребенка на воспитание. Главное преимущество патроната в том, что ребенок, попадая в семейное окружение, получает полноценный уход, заботу и внимание, приобретает опыт проживания в семье, навыки самостоятельной жизни. Подобная форма позволяет вполне реально планировать дальнейшую судьбу многих детей, лишенных родительского попечения. Основные цели данной формы – социализация ребенка, получение опыта жизни в семье.

Патронат сравнительно прост в оформлении, между органом опеки и изъявившим желание гражданином заключается договор.

**Договор предусматривает:**

условия содержания, воспитания и обучения ребенка (детей);

права и обязанности патронатных воспитателей;

обязанности органа по отношению к патронатным воспитателям;

основания и последствия прекращения договора.

**Процедура помещения ребенка в семью**

Патронат устанавливается над несовершеннолетними детьми-сиротами и детьми, оставшимися без попечения родителей (далее – ребенок (дети)), в том числе находящимися в организации образования, медицинской или другой организации.

На патронатное воспитание передается ребенок (дети), не находящийся под опекой (попечительством), за исключением ребенка подозреваемого в совершении уголовного правонарушения.

Общее число детей, передаваемых на воспитание патронатному воспитателю, составляет не более трех детей, за исключением случаев, связанных с детьми из одной семьи.

**Организация передачи детей на патронатное воспитание**

Патронатными воспитателями могут быть только совершеннолетние лица обоих полов, за исключением:

1) несовершеннолетних услугополучателей;

2) признания судом услугополучателя недееспособным или ограниченно дееспособным;

3) лишения услугополучателя судом родительских прав или ограниченных судом в родительских правах;

4) отстранения от выполнения обязанностей опекуна или попечителя за ненадлежащее выполнение возложенных на него законом Республики Казахстан обязанностей;

5) решения суда об отмене усыновления по вине бывших усыновителей;

6) наличия у услугополучателя заболеваний, препятствующих осуществлению обязанности опекуна или попечителя;

7) отсутствия у услугополучателя постоянного места жительства;

8) наличия непогашенной или неснятой судимости за совершение умышленного преступления на момент установления опеки (попечительства), а также лиц, указанных в подпункте 13) настоящего пункта;

9) отсутствия гражданства у услугополучателя;

10) обращения лица мужского пола, не состоящего в зарегистрированном браке (супружестве), за исключением случаев фактического воспитания ребенка не менее трех лет в связи со смертью матери или лишением ее родительских прав;

11) отсутствия у услугополучателя на момент установления опеки или попечительства дохода, обеспечивающего подопечному прожиточный минимум, установленный законодательством Республики Казахстан;

12) состояния услугополучателя на учетах в наркологическом или психоневрологическом диспансерах;

13) наличия имеющейся или имевшейся судимости, подвергающийся или подвергавшийся уголовному преследованию (за исключением лиц, уголовное преследование в отношении которых прекращено на основании подпунктов 1) и 2) части первой статьи 35 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан) за уголовные правонарушения: убийство, умышленное причинение вреда здоровью, против здоровья населения и нравственности, половой неприкосновенности, за экстремистские или террористические преступления, торговлю людьми;

14) услугополучателей, постоянно проживающих на территории Республики Казахстан, не прошедших психологическую подготовку в порядке, установленном пунктом 4 статьи 91 Кодекса Республики Казахстан "О браке (супружестве) и семье" (за исключением близких родственников);

**Лицо, выразившее желание взять ребенка (детей) на патронатное воспитание, предоставляет следующие документы:**

заявление о передаче на патронатное воспитание ребенка (детей) и назначении денежных средств в форме электронного документа, подписанного ЭЦП услугополучателя или удостоверенного одноразовым паролем, при регистрации и подключении абонентского номера услугополучателя, предоставленного оператором сотовой связи, к учетной записи портала;

2) электронная копия согласия супруга (-и), в случае если услугополучатель состоит в браке;

3) электронная копия свидетельства о заключении брака, если состоит в браке, при отсутствии сведений в информационной системе "Регистрационный пункт ЗАГС" (далее – ИС ЗАГС) либо за пределами Республики Казахстан;

4) электронная копия документов, подтверждающих право пользования жилищем услугополучателя и (или) супруга(-и) (в случае отсутствия права собственности на жилье);

5) электронная копия справки о состоянии здоровья услугополучателя и супруга (-и), если состоит в браке, подтверждающей отсутствие заболеваний в соответствии с перечнем, утвержденным приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 28 августа 2015 года № 692 "Об утверждении перечня заболеваний, при наличии которых лицо не может усыновить ребенка, принять его под опеку или попечительство, патронат" (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 12127), а также справки об отсутствии сведений о состоянии на учете в наркологическом и психиатрическом диспансерах в соответствии с формой, утвержденной приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 18 мая 2020 года № ҚР ДСМ-49/2020 "О некоторых вопросах оказания государственных услуг в области здравоохранения" (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 20665);

6) электронная копия сведений об образовании;

7) электронная копия сертификата о прохождении подготовки лиц, желающих принять на воспитание в семью детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей (за исключением близких родственников ребенка);

8) электронная копия договора об открытии текущего счета в банке второго уровня или в организации, имеющей лицензию Национального банка Республики Казахстан на осуществление отдельных видов банковских операций;

9) электронные копии документов, подтверждающие факт родства родственников, отчима (мачехи) к ребенку (детям).

Сведения о документах, удостоверяющих личность, свидетельство о заключении брака (при отсутствии сведений в информационной системе "Регистрационный пункт ЗАГС"), справки об отсутствии сведений о состоянии на учете в наркологическом и психиатрическом диспансерах по форме, утвержденной приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 18 мая 2020 года № ҚР ДСМ-49/2020 "О некоторых вопросах оказания государственных услуг в области здравоохранения" (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 20665), документы, подтверждающие право собственности на жилище услугополучателя и (или) супруга (-и), если состоит в браке, сведения об образовании, справки об обучении ребенка (детей) в организации образования (для детей школьного возраста), договор об открытии текущего счета в банке второго уровня или в организации, имеющей лицензию Национального банка Республики Казахстан на осуществление отдельных видов банковских операций, услугодатель получает из соответствующих государственных информационных систем через шлюз "электронного правительства".

Сведений о наличии либо отсутствии судимости услугополучателя и супруга (-и), (если состоит в браке), услугодатель получает из информационной системы Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Органы, осуществляющие функции по опеке или попечительству, передают детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, родственникам, отчимам (мачехам) на патронатное воспитание в соответствии с требованиями пункта 1 статьи 122 Кодекса Республики Казахстан "О браке (супружестве) и семье".

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются через веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz .

Патронатным воспитателям производится ежемесячно в следующих размерах за одного ребенка дошкольного возраста – 9 МРП, за одного ребенка школьного возраста – 10 МРП.

Граждане, желающие быть патронатными воспитателями, могут обратиться в отдел образования по телефону: 8(72144)79037.

**Г. Ахметова**
**главный специалист**
**отдела образования**

# Айтжанов Мейірхан Айтжанұлы

**2023 жылдың қоңыр күзінің 12-ші қарашасында ұстаздардың ұстазы атанған ұлағатты ұстаз Мейірхан Айтжанұлы Айтжанов дүниеден озды. Мейірхан Айтжанұлы – 1934 жылы қара Нұраның бойында Киевка кентінде дүниеге келген.**



Мейірхан Айтжанұлы өзінің еңбек жолын Қарағанды мемлекеттік институтынан «жаратылыстану, химия пәндерінің мұғалімі» мамандығын алып келгеннен бастап Киевка орта мектебінде 40 жылдан астам ұстаздық қызмет атқарып, осы мектептен зейнеткерлікке шықты. Сол студенттік жылдары өмірлік жары Мәрия Баязитқызымен тіл табысып, 1956 жылдың жазғытұрым кезінде шаңырақ көтерген. Жарымен бір шаңырақ астында 53 жыл отасып, бес бала тәрбиеледі.

Аға буын – кейінгінің үлгісі, жас ұрпақ– олардың айнасы. Абай айтқан: «Дүние– үлкен көл, замана – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер...» деген тәмсілдің мәнін жаны ардақты жақсылар қатары азайған сайын терең түсіне бастайсың. Олардың бай тәжірибесінен, кез келген мәселені шеше алатын көрегендігінен, мінезге бай болмысынан үйренетін, өмірлік ұстанымға айналдыратын өнегесі мол. Нұра ауданының ардагерлер кеңесінің белсенді мүшесі, «Нұра ауданының құрметті азаматы»,

Жастар жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы, Кеңестік президиум, ақсақалдар кеңесі, қоғамдық кеңес, «Қазақ тілі» қоғамының мүшесі. Сонымен қатар ерен еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының оқу ісінің үздігі» белгісімен, «Жеңістің 65 жылдығы» медалімен, ардагерлер кенесінің облыстық, аудандық кеңестерінде белсенділік көрсеткені үшін "Құрмет" грамоталары, көптеген дипломдармен марапатталған. Сонымен қатар 75 жылдық мерейтойы қарсаңында балалары «Көңіл толқыны» атауымен өзінің жеке шығармаларынан құралған өлеңдер топтамасын жарыққа шығарған.

Нұра өңірі, оның ішінде ұстаздар қауымы, Мейірхан Айтжанұлының осындай қасиеттері үшін үлгі тұтатын. Мейірхан Айтжанұлын танып-білген, тәлімін көрген азаматтар өзі тер төккен саласына шын жанашыр болғанын үнемі айтып отырады.

Адам мәңгі жасамайды, мәңгі жасайтын артындағы қалдырған ізі екен. Оның өз ісіне шын берілген, ұрпақ тәрбиесін бәрінен биік қойған жан екенін шәкірттерінің естеліктері аңғартады.

Адам баласы ұрпағымен бақытты. Балаларын ұлттық салт-дәстүрді құрметтеп, адал еңбек етуге тәрбиеледі. Бұл күні ер жеткен ұл-қыздары өсіп өркендей түскен. Әке мен ана жаққан шырақ, берген тәрбие балаға өмір бақи жарығын түсіріп тұрады. Сол тәлім ұрпақ бойына сіңіп, сабақтастықтың үзілмегенінің үлгісі Мейірхан атаның отбасы. Себебі оған ұстаз берген өнегенің өрнегі қосылып, өмірдің сан тарау соқпақтарына жолдама алған. Балаларына да, шәкірттеріне де бағыт сілтеген темірқазық тұлға мәңгі санамызда.

Атамыздың ұстаздық жолын жалғаған маман ретінде ерлігін, даналық пен парасатын айтып отыру, ұрпаққа жеткізу- біздің парыз.

**Нұра ауданының әкімдігі,**
**Нұра ауданының мәслихаты,**
**Нұра аудандық ардагерлер ұйымы,**
**Нұра аудандық Қоғамдық кеңесі,**
**Нұра ауданының білім бөлімі,**
**Білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы.**

## ЕСКЕ АЛУ



Шіркін, зымыраған уақыт...

Көзді ашып-жұмғанша ардақты әкеміз **Жартай Айдарханұлының** өмірден өткеніне 27 қараша күні 40 жыл және аяулы анамыз **Орынтай Сейтқарақызына** 18 жыл толады.

Сағынышпен еске аламыз ардақты ата-ананы,
Өмір сыйлап, тәрбиелеп, білім берген жандарды.
Бірі бізге асқар таудай пана болған уақытта,
Екіншісі болып еді мөлдір бұлақ шипалы.

Әкем, Айдарханов Жартай, тіршілігінде ағайын-туғанның ардақтысы, дос-жаранның ыстық ықыласына бөленген, бәріміз үшін арқа сүйер тірек болған, елім деп еңіреген, мінезі жұмсақ, бауырмал және сезімтал жан еді. Ол 1918 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Захаровка селосы (қазіргі Ақмешіт ауылында) дүниеге келіп, 1983 жылы 27 қарашада 65 жасында қайтыс болды.

Жастайынан қауырт еңбектің ыстық-суығына шынығып өскен әкем соғыстың алдында мұғалімдер институтын бітіріп, өзі туып-өскен ауылдың мектебінде тарих пен география пәндерінің мұғалімі болып, кейін мектеп басқарған. Көзінің нашар көруі себепті әскерге алынбай, Саратов қаласы түбіндегі еңбек майданында болды. Мұнан кейін көп жылдар бойы мемлекеттік дайындау өкілдігінің Нұра ауданындағы агенті қызметін атқарды. Әкем Жартай аты барда жер таныған, асы барда ел таныған дегендей асыл азамат еді.

Қызмет бабымен 1952 жылы Жаңаарқа ауданының орталығы Атасу кентіне ауысып, әр жылдары осындағы мемлекеттік дайындау өкілдігін, май зауытын және аудандық тұтынушылар одағын, астық дайындау кәсіпорнын басқарды.

Ал, 1963 жылы ол қайрадан Нұра ауданына ауысып, біршама жыл аудандық дайындау мекемесін және тұтынушылар одағы басшысы қызметін атқарып, астық дайындау мекемесінің бастығы қызметін істей жүріп зейнеткерлік демалысқа шықты.

1943 жылдан партия қатарында болған әкем қайда жүрсе де жұмысына тиянақты, ұқыпты, жолдастарының ортасында абройлы, сыйлы және беделді болды. Сол 1943 жылы анамыз Орынтаймен қосылып, шаңырақ көтерді. Екеуі 40 жыл бірге өмір сүріп, балалы-шағалы болды. Шешеміз Орынтай да кезінде маңдай терін төгіп еңбек еткен, соғыс жылдарында ауылдық кеңестің хатшысы, сүт бөлімшесінің меңгерушісі қызметтерін атқара келе, кейінгі зейнеткерлік демалысқа шығар алдында біршама жыл сатушы болып қызмет атқарды. Анамыз балаларын қызықтап, немере-шөберелерін аялап өсіріп, Айдархановтар әулетінің қара шаңырағына ие болды, аналық мейірімімен барлық ұрпақтарына үлгі-өнеге көрсете отырып, 2005 жылы 82 жасқа толған шағында дүниеден озды.

Ата-анамызбен сөйлесу өте қызықты және мәнді болатын, әсіресе күлкі мен әзілді жақсы көретін. Көп оқып, көп тоқыған әке-шешеміздің ұйымдастырушылық қабілеттері өте зор еді.

Біз бүгін ата-анамыздың жарқын бейнелерін сағынышпен еске алып, Алладан иман тілеп, жатқан жерлері жайлы, топырағы торқа болсын деп аруақтарына дұға бағыштаймыз.

Дұға жасап, Алладан иман тілеп.
Ұрпақтарың арнайды сіздерге асын.

**Сағына еске алушылар: балалары, немерелері.**




*ОЧС информирует!*

# Безопасность рыбаков и охотников

В целях недопущения гибели людей и оперативного реагирования на чрезвычайные ситуации зимнего периода на водоемах (льду), сотрудниками ОЧС Нуринского района проводится комплекс профилактических мероприятий.

В первую очередь:
1) не выходить на лед в темное время суток и при плохой видимости;
2) не выходить на тонкие и неокрепшие участки льда;
3) не собираться группами на отдельных участках льда;
4) не приближаться к промоинам, трещинам, прорубям во льду;
5) не выезжать на автомобилях за пределы переправ.




Так, сотрудниками ОЧС Нуринского района в выходные дни проводятся обходы и рейды в местах ловли рыбы и охоты. В ходе проведения рейдов сотрудниками ОЧС Нуринского района розданы памятки рыбакам и охотникам, проведены инструктажи по соблюдению правил поведения на воде при рыбной ловле и охоте.

Проводится акция по теме «Безопасность рыбаков и охотников» по разъяснению правил безопасности на воде.

Обращаем внимание граждан Нуринского района на соблюдение требований Правил безопасности на водоемах в зимний период.

Участникам подледной ловли рыбы рыбную ловлю осуществлять только при наличии индивидуальных спасательных средств.

**Д. Асылбекұлы**
**старший инженер**
**ОЧС Нуринского района**
**старший лейтенант**
**гражданской защиты**

# Лига футзала



**С 6 ноября 2023 года среди команд учреждений и организаций Нуринского района проводится ставшая уже традиционной "Лига футзала".**
**Подготовка и проведение игр "Лига футзала» осуществляются ГУ "Отдел физической культуры и спорта Нуринского района " совместно с ДЮСШ.**

Согласно графику, утвержденному главным жюри, игры «Лиги футзала» проводятся каждый понедельник, вторник, среду и четверг в спортивном зале воздухоопорного сооружения стадиона «Нура» с 19:30ч. до 21:00ч..

Целями и задачами турнира являются пропаганда здорового образа жизни, развитие физической культуры, активизация соревнований в данном виде спорта, повышение спортивного мастерства, а также формирование и подготовка сборной команды Нуринского района по футзалу для участия в областных соревнованиях.

Согласно правилам проведения соревнований, один матч "Лиги футзала" состоит из двух пятнадцатиминутных таймов. Каждая команда состоит из 10 человек (игроки - 4+1 и 5 запасных участников). Определение победителей производится согласно набранным очкам. За каждую победу начисляется 3 очка, за ничью - 1 очко. У команды, не явившейся на игру, аннулируется 3 очка. В случае повторения неявки команды данная команда выбывает из дальнейшего участия, набранные очки исключаются.

Общее проведение соревнований возлагается на главное жюри. Главный судья соревнований - Смаилов Ержан, судьи: Тураров Мади, Боранкулов Алихан и Ермек Айдын.

По итогам "Лиги футзала" команды, занявшие I, II, III места, будет награждаться грамотами, медалями и подарками ГУ «Отдел физической культуры и спорта Нуринского района».

Согласно турнирной таблице по состоянию на 17 ноября, лидирует команда отдела полиции Нуринского района с 6 очками, на втором месте - футболисты Нуринского многопрофильного колледжа им. Б.Абдикаримова – 4 очка. Третье место пока делят команды КГУ ДЮСШ, ОШ им. М.Жумабаева и ОШ им. Ы.Алтынсарина, имеющие в зачете по 3 очка. Всего же в турнире участвуют 8 команд. По информации организаторов, соревнования продлятся до января-месяца.

Онлайн-трансляцию проводимых матчей любители спорта могут наблюдать на https://sportcup.org/ru/tournaments/cb32a450-a13e-49fb-9c89-cb547f814180. Здесь же можно ознакомиться с более подробной информацией о проведенных играх, результативности каждой из команд и отдельных игроков.

**Дмитрий ШВЕЦОВ**

---

*Денсаулық*

# Қант диабеті

Қант диабеті – бұл гипергликемия, яғни қандағы глюкоза деңгейінің артуы біріктіретін аурулардың бүтіндей бір тобы. Бұл ұйқы безіндегі белгілі бір жасушалардың өліміне алып келетін инсулин түзілуіндегі немесе жұмысындағы ақау салдарынан болады.

Қант диабеті кейбір органдардың, әсіресе көз, бүйрек, жүйке, жүрек және қан жолдары тамырларының зақымдалуына немесе тиісті деңгейде жұмыс істей алмауына алып келеді.

Қант диабетінің бірнеше түрі бар.

Қант диабетінің 1-ші түрі. Бұл ұйқы безінің өздігінен инсулин өндіре алмауы салдарынан қан құрамында осы гормонның тапшылығы туындауы. Бұл көбіне жас адамдарда кездеседі.

Нұра ауданы бойынша 1-ші түрі бойынша 22 адам тіркелген.

Қант диабетінің 2-ші түрі. Бұл ең көп таралған түрі. Ол ұйқы безі тым көп инсулин түзіп, бірақ глюкоза молекуласының ағза жасушаларына жеткізілуін қамтамасыз ете алмауы кезінде туындайды. Нұра ауданы бойынша 2-ші түрі бойынша 400-ден аса адам тіркелген.

"Глюкоза – бұл энергетикалық субстрат. Ол машинаға арналған жанармай секілді энергия береді. Егер қандағы инсулин жұмыс істемесе, ол ағзада жеткіліксіз деңгейде болса, онда глюкоза жасушаларға жетпейді. Соның салдарынан жасуша жұмыс істей алмайды. Ол кейбір жасушаларға қарапайым диффузия жолы арқылы түсе алады. Ол жасушаға еніп, бір бөліктен екіншісіне өтеді. Сондай-ақ глюкоза өздігінен жете алмайтын жасушалар да бар. Оларды ақуыз жеткізуі керек. Бұл ақуыз көлік рөлін атқарады. Оны глют 4 деп атайды. Бұл ақуыз инсулин әсерімен түзіледі.

**Қант диабетінің себептері**

Қант диабетінің 1-ші түрі ағзадағы аутоимундық процесс аясында пайда болады: "жүйеде ақау" болып, ағзаны қорғауға тиіс иммундық жасушалар ұйқы безіне шабуыл жасай бастайды. Уақыт өте келе ұйқы безіндегі инсулин түзетін бета-жасушалар саны азаяды да, қант диабетінің симптомдары пайда болады.

Ал қант диабетінің 2-ші түрінің туындауына біз өзіміз кінәліміз.

"XXI ғасырдың дерті – семіздік екені ешкім үшін жасырын емес. Диабеттің қатысы қанша? Қатысы бар. Себебі семіздіктің 80%-і ерте ме, кеш пе, қант диабетіне алып келеді. Семіздікке ұшыраған әрбір екінші адам қант диабетіне тап болуы ықтимал"

"Семіздікті адамның жай ғана косметикалық ақауы деп қарастыруға болмайды. Бұл – ақырында қант диабетінің 2-ші түріне алып келетін метаболизмдік ақаулардың кешені. Оған адамның жасы да әсер етеді. Егер адам өзі қорыта алатын шамадан көп мөлшерде тамақтанса, онда оның ағзасына түскен энергетикалық ресурстар май жасушалары түрінде сақтала бастайды. Бұл май жасушалары шексіз көлемде ұлғая бермейді. Олар белгілі бір деңгейге – 10 мкм жеткеннен кейін одан әрі өсе алмайды. Себебі қанмен қамтамасыз ету процесінде ақау пайда болады".

**Қант диабетін емдеу және алдын алу**

Қант диабетінің 1-ші түрі инсулин көмегімен ғана емделеді. Бірақ бұл тұста да бірнеше нұсқа бар. Бұл адам күніне бірнеше рет ине салдыратын базис-болюсты терапия болуы мүмкін. Сондай-ақ науқас тұрақты режимде ағзаға инсулин жіберіп отыратын арнайы аппарат – помпаны қолдана алады.

Қазіргі уақытта донордағы ұйқы безін трансплантациялаудың тиімділігі туралы мәселе қарастырылып жатыр. Мұндай бірнеше ота жасалып та қойды.

Қант диабетінің 2-ші түрінде емдеу нұсқасы көбірек. Біріншіден, белгілі бір диета мен өмір салтын өзгерту жеткілікті болуы мүмкін. Дәрігер науқас жағдайына қарай дәрі тағайындауы мүмкін. Егер ұйқы безі өзінің инсулин қорын түгел жұмсап қойса, терапияға инсулин қосылады.

**Турусбекова Жанбота Сағындыққызы**
**Нұра аудандық ауруханасының медбикесі**

---

*Сүйінші*

# Ел мерейін асырған

## нәрестелер Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола, Түркістан облыстарында дүниеге келді

*жалғасы, басы 1-бетте*

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 14 қарашада елімізде 20 миллионыншы азамат өмірге келген. Бұрын халық саны туралы мәліметтер қолмен өңделіп, ол көп уақытты қажет ететін болса, мемлекеттік ақпараттық жүйелердің интеграциясы бұл үрдісті жеделдетіп, 20 миллионыншы азаматтың туған күнін жоғары дәлдікпен және қысқа мерзімде анықтауға мүмкіндік берді.

Халықтың деректер базасының көрсеткіштеріне сәйкес, 14 қарашада таңғы сағат 8.10-да туған 5 бала еліміздің 20 миллионыншы тұрғыны атанды. Еліміздің мерейлі азаматтары Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола, Түркістан облыстарында дүниеге келді. Олардың ішінде 3 ұл және 2 қыз бар.

Естеріңізге сала кетсек, 1991 жылы республика халқының саны 16,4 млн адамды құраса, тәуелсіздік жылдарында 22,3 пайызға өсті. Мәселен, 1991 жылмен салыстырғанда 2022 жылы бала туу саны 353,2 мыңнан 403,9 мың адамға дейін немесе 14,7 пайызға көбейген. Ал 2021 жылы, яғни пандемиядан кейін ең көп бала туу көрсеткіші тіркеліп, елімізде бір жылдың ішінде 445 мың сәби өмірге келді.

Халық санының табиғи өсім беруіне нәресте өлімінің азаюы да әсер еткен. Жалпы, өлім-жітім көрсеткіші 1991 жылғы 1000 тұрғынға шаққанда 8,20-дан 2022 жылы 6,8 адамға дейін төмендеді. Сәбилер өлімінің коэффициенті 3,5 есе азайған. Ал ең маңызды демографиялық көрсеткіштердің бірі болып саналатын туудың жиынтық коэффициенті, яғни репродуктивті кезеңде бір әйелдің орташа есеппен қанша рет бала табатынын көрсететін коэффициент 1991 жылғы 2,7-ден 1999 жылы 1,8-ге дейін төмендегенімен, кейіннен біртіндеп көбейіп, 2022 жылы 1 әйелге 3,05 баланы құрады.

Ел азаматтарының өмір сүру ұзақтығы да артып келе жатыр. Мысалы, былтыр 1991 жылмен салыстырғанда 6,8 жылға көбейген. Соның ішінде ерлердің орташа жасы – 7,7 жылға, әйелдерде 6 жылға артты. Осылайша, 2022 жылы елімізде орташа өмір сүру ұзақтығы 74,4 жылды құрады. Бұл пандемияға дейінгі кезеңнен 1,3 жасқа жоғары.

Сонымен біз қазір халық саны жөнінен әлемде нешінші орынға шықтық? Түрлі әлемдік статистика көрсеткіштерін жариялайтын «Worldometer» сайтының мәліметінше, 2023 жылдың басында елімізде халық саны 19 606 633 адамды құрап, Румыния (19 892 812) мен Чилиден (19 629 590) кейін 66-орында болыппыз. Ал дәл қазір бұл екі елдің халық саны азайып, сәйкесінше 19 788 612 және 19 640 668 адамды құраған. Ал біз 20 миллионға жетіп, әлемде 64-орынға көтерілдік. ТМД елдері арасында Ресей (144,4 млн адам, 9-орын), Украина (36,7 млн, 41-орын) және Өзбекстаннан (35,2 млн адам, 43-орын) кейін 4-орында тұрмыз.

**Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,**
**«Egemen Qazaqstan»**

---

**ТОО "Мастер-Кондитер"— занимающейся производством кондитерских изделий, ищет коммуникабельного, ответственного и желающего зарабатывать торгового представителя п.Нура (регион)**

**Обязанности:**
Обход торговых точек согласно маршрутному листу
Сбор заявок - из магазинов (ВС)
Поддержание и развитие клиентской базы;

**Требования:**
Личное авто
Грамотная речь
Опыт работы в прямых продажах
Отличные коммуникативные навыки
Исполнительность

**Условия:**
График работы 2 дня в неделю
Средняя з/п 100-150000тенге (оклад +%)
Мобильная связь, бензин
Оформление согласно ТК РК
Своевременные выплаты без задержек

**Звоните по номеру 87770119758 или скидывайте резюме на ватсап, мы Вас ждем!**

**Газет аптасына 1 рет шығады**
**Индексі 65421**
**Тиражы 390**
**Тапсырыс 45**

Меншік иесі: **"Нұра" аудандық газетінің редакциясы ЖШС**
Қазақстан Республикасы Ақпараттық және Қоғамдық даму министрлігінен Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 03 ақпанында қайта есепке қойылып № KZ65VPY00064140 куәлігі берілген

Бас редактор: **Тазагүл ПІШЕНБАЕВА**
Индекс: 100900
Мекенжайымыз: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Нұра кенті, Талжанов көшесі, 8а үй.
Электронды адрес: **nuratany@mail.ru**
Телефондары:
Бас редактор: 8 777 88 99 945
Тілшілер: 21-9-53

Газет ЖШС "Типография Арко" баспаханасында басылған.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15
Телефондары: 41-17-83, 41-17-80
Офсеттік басылым, көлемі 2,0 баспа табақ.
Газет аптасына 1 рет шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді